

Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 20 мамыр N 233-ө

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан өрт салдарынан бүлінген С.Д. Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтының анатомия корпусының

үй-жайын қалпына келтіруге 15,0 (он бес) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі